

## ҚОРЫТЫНДЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕСЕП

**Грант алушы:** «Қызылорда облыстық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігі

**Гранттың тақырыбы:** «Балалардың көзқарасын құрметтеу»

**Грант сомасы:** 10 003 000 (он миллион үш мың) теңге

- 1. Әлеуметік жоба аясындағы іс-шараларды сипаттаңыз** *(грант шартына №3 қосымшаның іс-шараларын сипаттау тармағына (жобаның егжей-тегжейлі сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, есептілікті ұсыну сәтіне орындалған әрбір міндет бойынша сипатталған). Есепке қоса берілген растау құжаттары бар қосымшаның нөмірін көрсетіңіз.)*

Есепті кезеңде ұйым жоба бойынша келесі жұмыстар жүргізді:

**1 міндет. Отбасылық құндылықтарды әйгілі ету бойынша «Менің тату отбасым» атты әуесқой бейнефильмдер мен фотосуреттер конкурсын ҚР – ның барлық аймақтарында ұйымдастыру және өткізу.**

**1 іс-шара. «Менің тату отбасым» атты әуесқой бейнефильмдер мен фотосуреттер конкурсын ҚР – ның барлық аймақтарында ұйымдастыру және өткізу.**

«Менің тату отбасым» атты әуесқой бейнефильмдер мен фотосуреттер байқауының ережесі әзірленді. Ережеде байқаудың шарттары, талаптары, өткізілу мерзімі көрсетілді. Аталған ереже zhasulan.kz сайтына жүктелді. Байқаудың ашық өтуін қамтамасыз ету үшін Instagram әлеуметтік желісінде байқаудың ресми парақшасы ашылды. Байқаудың афишасы әзірленді. Қатысушыларды көбірек қамту үшін афишаға жарнама жасалды және танымал парақшаларға салынды. Сондай-ақ әлеуметтік желілердегі ұйымдастырушылардың ресми аккаунттарында және жобаның арнайы аккаунтында конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдаудың басталуы туралы хабарландыру орналастырылды және барлық жіберілген жұмыстар байқау парақшасында жарияланды.

«Менің тату отбасым» байқауының қорытындысын шығаратын 6 адамнан құрылған комиссия отырысы өткізіліп, онда барлық жұмыстар қаралды. Отырыстың хаттамасы дайындалып, жұмыстар ақпараттың толыққандығы, өзіндік ерекшелігі, мәтіннің мазмұны, жалпы қабылдау, эмоциялық әсер сияқты талаптар бойынша бағаланды. Байқауға барлығы 204 жұмыс қатыстып, «Үздік бейнефильм» номинациясы бойынша 125 жұмыс, «Үздік фотосурет» номинациясы бойынша 79 жұмыс қабылданды. Комиссия отырысына үздік болған 62 жұмыс қарастырылып, 2 аталы бойынша 6 жеңімпаз анықталды.

Аталған байқауды өткізу үшін рәсімді өткізу тәртібі әзіленді. БАҚ өкілдерін тарту мақсатында баспасөз парағы дайындалды. «Менің тату отбасым» атты әуесқой бейнефильмдер мен фотосуреттер байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі №10 хатқа сәйкес қазан айында өткізілді. 2019 жылы 5 қазан күні жеңімпаздарды марапаттауға байланысты салтанатты шара ұйымдастырылды. Марапаттау рәсіміне қонақ ретінде Айтпаев Қанат, Есенәлі Айгерім, Мұқанова Мөлдір сияқты танымал тұлғалар, сондай-ақ қоғам белсенділері шақырылды. Іс-шара барысында қазақтың ұлттық «Тұсау кесер» дәстүрі жасалды. Салтанатты марапаттау рәсінде 2 номинация бойынша 6 жеңімпаз және 4 арнайы сыйлық иегелері марапатталды. Жеңімпаздарға 150 000, 100 000, 50 000 теңге көлеміндегі ақшалай сертификаттар, дипломдар табысталды. Келген қонақтарға арнайы дайындалып, табысталды. Еліміздің әр

өңірінен келген отбасылар бір-бірімен жақын араласып, ойларымен бөлісуі үшін салтанатты кешкі ас ұйымдастырылды. Сапалы фотосуретер мен бейнеролик болуы үшін арнайы мамандар шақырылды.

Байқау үшін арнайы ашылған инстаграм парақшасы 1034 оқырман жинады. Парақшадағы әр оқырман белсенді болды. Байқаудың өткені туралы ақпаратты тарату мақсатында жарияланымдар жасалды. Байқауға қатысқан әр қатысушының жұмысын ерекше бағалап, олардың қалаулары бойынша алғыс хаттар табыстадық. Қатысушылардың басым бөлігі Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен болғандықтан 70 жуық қатысушыға алғыс хаттар қазпошта арқылы жіберілді.

**2 іс-шара. Ең үздік деп танылған әуесқой бейнефильмдерді ұйымның ютуб – каналына жүктеу. Ең үздік деп танылған фотосуреттерден Нұр – Сұлтан қаласында көрме ұйымдастыру.**

«Менің тату отбасым» байқауында үздік болған 4 бейнефильм «Жас Ұлан» ұйымының ютуб каналына жүктелді. ([https://www.youtube.com/channel/UCAKI5B3Yqg\\_1ukARB1w8gOg](https://www.youtube.com/channel/UCAKI5B3Yqg_1ukARB1w8gOg))

2019 жылы 5 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында марапаттау рәсімі өткен ғимараттың фойесінде ең үздік 10 сурет кенептерге басылып, ұсынылды. Іс-шара аяқталғаннан кейін барлық фотосуреттер отбасыларға сыйлық ретінде берілді.

**2 міндет. Кәмелетке толмаған жастар істері бойынша судьяларға, психологтарға, адвокаттарға, ауданаралық сот мамандарына арналған «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» әдістемелік құралын әзірлеу**

**1 іс-шара «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» әдістемелік құралын әзірлеу.**

Аталған іс-шара аясында «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» әдістемелік дайындығын сарапшылар ретінде Бурлаченко Людмила Георгиевна, Садвакасова Динара Тайбасарқызы, Исханова Аида таңдалып алынды. Әдістемелік құралды әзірлейтін жұмыс тобы құрылып, жоспары және кестесі, тізімі жасалды. Авторлар түйіндемелері жинақталып, әдістемелік құрал бойынша отырыс ұйымдастырылып, 3 ай жұмыс жүргізіп нәтижесінде электронды және баспа түріндегі «Азаматтық соттарда істерді қарау кезінде балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» әдістемелік құралы дайындалды. «Азаматтық соттарда істерді қарау кезіндегі балалармен атқарылатын жұмыс ерекшеліктері» әдістемелік құралы ажырасу кезеңіндегі отбасылар мен балаларға психологиялық қолдаудың өзекті мәселесіне арналған. Нұсқаулықта балаларды қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасының нормативтік актілері бар. Бұл ажырасу процесінің азаматтық тұрғындарға, әсіресе оның осал бөлігі - балалар мен жасөспірімдерге стресстік әсерінің жоғарылауына байланысты проблеманы жетекші шетелдік және отандық психологтар көтеріп жүр, өйткені отбасылық жанжалдар ең алдымен балалардың психоэмоционалды жағдайына әсер етеді. Балалар мен жасөспірімдерді психологиялық қолдаудың әдіснамалық құралының өзектілігі баланың тұрғылықты жерін анықтауға, ата-аналық қарым-қатынасқа, ата-ана құқығынан айыруға, асырап алуға және т.б. байланысты ата-аналар арасындағы дау-дамайлардың салдарынан ата-аналарда жағымсыз әсер ету деңгейінің жоғарылауымен

байланысты. Әдістемелік нұсқаулықтың құрылымы: әдебиеттерге теориялық шолу, нормативтік актілер, жас ерекшеліктері ескерілген, балалармен және ата-аналармен жұмыс істеудің заманауи ең жақсы әдістері мен тестілері, әлеуметтік-психологиялық зерттеу жүргізудің нақты хаттамалары, тестілер мен әдістердің тізімі, сонымен қатар оларды түсіндіру талаптарға сәйкес келеді. Әдістемелік құрал ажырасу процесінде туындайтын балалар мен жасөспірімдердегі эмоционалды-тұлғалық ауытқулардың психологиялық алдын-алу проблемасын тұжырымдаудың жаңалығымен ерекшеленеді; ата-аналарының ажырасу рәсімдеріне ұшыраған балалар мен жасөспірімдердегі мазасыздықты диагностикалау және түзету технологияларын ашу. Біздің қордың тұрғындарымен жұмыс барысында біз ажырасу процесінде жүрген отбасыларды жиі кездестіретінімізді ескерсек, бұл құрал отбасылармен жүргізілетін психологиялық жұмыстың тамаша дайын құралы болып табылады.

**2 іс-шара. «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» әдістемелік құралының таныстырылымы өткізу.**

2019 жылы 29 қараша күні грант аясында өткізілген жұмыс туралы көпшілік алдында есеп беру брифингінде «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» әдістемелік құралының таныстырылымы өткізіді. Әдістемелік құралдың таныстырылымына 40 қатысушы және әдістемелік құралдың авторлары қатысты.

**3 іс-шара. Судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелері, БАҚ өкілдерінің қатысуымен өтетін «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастыру.**

Судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелері, БАҚ өкілдерінің қатысуымен «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел Қызылорда, Жамбыл, Түркістан облыстарында өтті. Аталған іс-шараларға жалпы 170-тен аса адам қатысып, балалардың құқықтарына қатысты мәселелерді талқылады. Мәселені толыққанды ашу мақсатында судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелері, БАҚ өкілдері сарапшылар ретінде шақырылды. Әр дөңгелек үстелдің бағдарламасы және баспасөз парағы дайындалып БАҚ-қа жіберілді. Аталған іс-шаралар бойынша ақпараттық, жаңалық сайттарында, әлеуметтік желілерде жарияланымдар жасалып, инстаграм желісінде тікелей эфир жүргізілді. Қатысушылар тізімі әзірленіп, әр қатысушының телефон номері мен қолдары алынды. Дөңгелек үстелде қарастырылған мәселелер бойынша 6 ұсыныс жасалып, хаттамамен бекітілді. Дөңгелек үстеле қатысушылар өздерінің оң бағасын беріп, балалардың құқықтарына қатысты мәселелердің қаншалықты маңызды екенін атап өтті. Аталған шаралардың күн тәртібінде, қазіргі таңда Қазақстандағы сот процесі кезіндегі балалардың ойын құрметтеу және тыңдау, жас мөлшерін алып тастау мәселелері бойынша сөз қозғалды. Әкімдік жанындағы балалардың ісі бойынша балалардың қатысуымен өтетін кеңес құру, балалардың қоғамдық өмірге араласуы, үйдегі зорлық-зомбылық,

балалардың мамандық таңдауына мүмкіндік берудің дұрыс және бұрыс тұстарына тоқталды. Дөңгелек үстелге Судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты. Қатысушылар диалог алаңында осы саладағы мәселелер бойынша баяндама жасап, ұсыныстар білдірді.

**3 міндет. Балалар мен ата-аналарға арналған отбасылық психотерапия бойынша зерттеулер мен бағдарламаларды жүргізу әдістемесін әзірлеу.**

### **1 іс-шара Психотерапевт, отбасылық психолог мамандарының қатысуымен әдістемелік жинақ дайындау**

Әдістемелік құралды әзірлеу мақсатында Капанова Гульмира Кадырбаевна, Бурлаченко Людмила Георгиевна сияқты Психотерапевт, отбасылық психолог мамандарының қатысуымен жасалатын әдістемелік отбасылық психотерапия бойынша үздік іс-тәжірибелер мен бағдарламалар жиынтығын қамтыды. Әдістемелік құралда инфографика қолданылды. Әдістемелік құралды әзірлейтін авторлардың түйіндемелері жинақталды. Жұмыс тобымен «Балалар мен ата-аналардың отбасылық психотерапия бойынша мектеп психологына арналған үздік тәжірибелер жинағы» әдістемелік құралы әзірленді. Балалар мен ата-аналардың отбасылық психотерапиясы бойынша мектеп психологына арналған үздік тәжірибелер жинағы бар әдістемелік материалдарға қосымша болып табылады және келесі міндеттерді шешуге көмектеседі: психологиялық ликбез және экстремалды жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін, өз-өзіне көмек көрсету және өзімен жастыларға психологиялық қолдау көрсету элементтерін игеру (бірінші кезекте жоғары сынып оқушылары) жүзеге асыратын тәжірибелерді мектеп психологтарының жұмысына енгізу, жоғары сынып оқушыларын әлеуметтендіруді қолдау, өсу кезеңіне саналы түрде өтуіне жағдай жасау және өзіндік бірегейлікті қалыптастру, коучинг элементтерін енгізу, («Жас Ұлан» БМЖҰ жобаларының үлгісінде) жастар саясатының, тәрбиелік жұмыстар, мектептегі өзін-өзі басқару аясында бар жобалық қызметтер медиациясының элементтерін енгізу. Ұсынылған тәжірибелерді қолдану оқушылар мен ұстаздардың психологиялық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді, жобалық, білім беруші, ойын түріндегі қызметтердің үрдісінде тікелей емес психотерапияны жүзеге асыруға жағдай жасайды, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтендіру және өзін-өзі анықтау үрдістерін қолдайды.

**2 іс-шара. «Балалар мен ата-аналардың отбасылық психотерапия бойынша мектеп психологына арналған үздік тәжірибелер жинағы» әдістемелік құралының таныстырылымын өткізу.**

2019 жылы 29 қараша күні грант аясында өткізілген жұмыс туралы көпшілік алдында есеп беру брифингінде «Балалар мен ата-аналардың отбасылық психотерапия бойынша мектеп психологына арналған үздік тәжірибелер жинағы» әдістемелік құралының таныстырылымы өткізіді. Әдістемелік құралдың таныстырылымына әдістемелік құралдың авторлары және 40 қатысушы қатысты.

### **3 іс-шара. Бала, ата-ана және психологтың қатысуымен өтетін семинар-тренинг ұйымдастыру**

БҚО, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарында «Балалардың көзқарасын құреттеу» тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырылды. Әр іс – шараға кем дегенде 40 адам қатысты, олардың 20-сы ата-ана мен балалар болды. Семинар-тренинг аясында

балаларды тәрбиелеу, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас және т.б. сұрақтары талқыланды. Әр семинар-тренингтің бағдарламасы дайындалды. Қатысушылар тізімі дайындалып, қатысушыларға блокноттар пен қаламдар берілді. БАҚ-на баспасөз парағы дайындалып, аталған іс-шаралар бойынша әлеуметтік желілерде жарияланымдар жасалды. Қатысушылардың тренингтерден алған әсерлері бойынша сауалнама жүргізілді. Олардың көпшілігі жағымды пікірлер қалдырды. Семинар-тренингтер барысында психологтар ата-ана мен балалардың қарым-қатынастарын жақсарту үшін түрлі ойындар, жаттығулар жасатты. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше. Бұл бағдарламада ата-ана бойына өздерін тәрбиеші ретінде қарауда қызығушылықтарын дамытуға және жетілдіруге арналған әртүрлі ойындар мен жаттығулар жинақталған. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше. Бұл семинар-тренингтерде ата-ана бойына өздерін тәрбиеші ретінде қарауда қызығушылықтарын дамытуға және жетілдіруге арналған әртүрлі ойындар мен жаттығулар жинақталған. Әр ата-ананың бала тәрбиелеудегі мүмкіншілігін, қабілетін, қызығушылығын арттыруға бағытталған. Өткізілген тренингтер ата-аналарға қызықты әрі қажетті болды. Ата-ана қарым-қатынас әрекеттерін біле алды, тәрбие әдістерін игеруге, «ата-ана мен бала» жүйесіндегі қарым-қатынас әдістерін ата –ана күнделікті өмірде кең түрде қолданып, арттыра алады. Семинар-тренингтердің мақсаты: ата-ана бойына өздерін тәрбиеші ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту; баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу; Баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін меңгерту. Отбасы тәрбиесінде ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиелік ықпалының ерекшеліктерін ашып көрсету.

#### **4 міндет. Балалардың отбасы, мектеп, қоғам өміріне қатысуын арттыру үшін ақпараттық жұмыс жүргізу**

##### **1 іс-шара Комикстердің сериясын әзірлеу және шығару**

Баланың көзқарасын құрметтеу және отбасы, мектеп және қоғам өміріне қатысуын арттыру туралы тақырыбында комикстердің кітабы (2 комикс) дайындалды. Қазіргі таңда жастар арасында комикс кең тараған. Ата-аналарға балалардың ойларын жеңіл әрі түсінікті жетізу мақсатында комикстер жасалды. Комикстерде қарапайым өмірдегі ата-ана мен баланың қарым-қатынастары суреттеледі. Мысалға, әкесі баласына кішкентай кезінен дұрыс көңіл бөлмесе, дұрыс тәрбие бермесе әкесі қартайғанда оған сол өзі көрсеткен тәрбие қайтып келеді. Бір комиксте баласы әкесі үйден шығып бара жатқанда жаңбыр жауатының айтып, қолшатыр алуын өтінеді. Бірақ әкесі баласының сөзін құлақ аспай үсті су болады. Бұл жердегі негізгі ой балалардың сөзіне де құлақ асу керектігі. Осындай тақырыптардағы тағы да басқа бірнеше комикстер дайындалды.

##### **2 іс-шара Әлеуметтік бейнероликтер әзірлеу және шығару**

Іс-шара аясында баланың көзқарасын құрметтеу және отбасы, мектеп, қоғам өміріне қатысуды арттыру тақырыбы бойынша бейнеролик түсіріледі.

«Балалар өздерін үлкендер секілді ұстаса не болар еді?» тақырыбындағы бейнероликтің негіздемесі: Көп жағдайда ата-аналар өз істерінің, сөздерінің балаларына қалай әсер ететініне мән бере қоймайды. Бала айтқанды емес, көргенін істейтінін ұмытып та кететіндей. Бұл видео балалар өздерін ата-аналары секілді ұстаса не болатындығын көрсетеді.

«Балаңызбен диалог құрыңыз» тақырыбындағы бейнероликтің негіздемесі: Балаларды тәрбиелеуде ата-аналар өз балаларын тыңдай білуі керек. Көбінесе ата-аналар өз балаларын түсінуге тырыспайды. Олардың өз ойына құқығын мойындамайды, оларды сынайды, айыптайды. Тіпті кейде бұл өте агрессивті шабуылға дейін жетеді. Алайда, ата-аналар бұл тактика жақсы нәтиже көрсетпейтінін түсінуі керек, балалармен диалог құруға үйрену қажет.

«Балаңыздың армандарың бұзбаңыз» тақырыбындағы бейнероликтің негіздемесі: Балаларды тәрбиелеуде ата-аналар өз балаларын тыңдай білуі керек. Көбінесе ата-аналар өз балаларын түсінуге тырыспайды, өз қалауларымен жүреді, балалардың ынтасымен санаспайды. Сондықтан балалардың армандарына орын болмайды. Балалар өз ойларымен, арманымен және ынтасымен еркін бөлісе алмайды.

**3 іс-шара «Балалардың көзқарасын құрметтеу» тақырыбында судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелерінің отырысын өткізу. Өзгертулерді енгізу бойынша ұсыныстарды жинақтау. Жиналған ұсыныстар тізімін ҚР Білім және Ғылым министрлігі, ҚР Парламентінің Мәжілісіне жеткізу**

Қостанай, СҚО, Ақмола облыстарында «Балалардың көзқарасын құрметтеу» тақырыбы бойынша спикелер шақырылып, отырыс өткізілді. Мамандармен жұмыс барысында болған сұрақтар Заң аясында талқыланды. Күн тәртібінде қарастырылған с мәселелер: Қазіргі таңда Қазақстанда сот кезінде балалардың ойын 10 жастан бастап тыңдайды (ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі, 62 бап). Бұл жас мөлшерін алып тастау мәселесі (БҰҰ Балалар құқығы бойынша Комитетінің ұсынысы). Әкімдік жанындағы балалардың ісі бойынша балалардың қатысуымен өтетін кеңес құру (балалар өз ойларын ашық жеткізу үшін), балалардың қоғамдық өмірге араласуы, үйдегі зорлық-зомбылық, балалардың мамандық таңдауына мүмкіндік берудің дұрыс және бұрыс тұстары. Отырысқа судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты. Отырыстарға жалпы 90-нан адам қатысты. Отырыстардың баспасөз парағы жасалып, БАҚ-та, әлеуметтік желілерде жарияланымдар жасалды. Отырыстардың нәтижелері бойынша хаттама дайындалып, ол жерде ұсыныстар жасалды. Отырысқа қатысушылар өздерінің ойларымен бөлісіп, пікірлер қалдырды.

Дөңгелек үстелдерде, отырыстарда келтірілген ұсыныстар жүйеге келтіріліп, жазбаша түрде ҚР Парламенті Мәжілісіне, сонымен қатар ҚР БҒМ жіберілді.



1.	Қызылорда облысында «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» тақырыбында өткен дөңгелек үстел	28.08.2019	Қызылорда қаласы, Облыстық оқу орталығы (Әйтеке би 2).	32	Жастар, педогог мамандар, заң өкілдері, БАҚ өкілдері.	Судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелері, БАҚ өкілдері	100%	(Қосымша 2.3.2.). (Қосымша 2.3.3.). (Қосымша 2.3.4.). (Қосымша 2.3.5.). (Қосымша 2.3.6.). (Қосымша 2.3.7.). (Қосымша 2.3.14) (Қосымша 2.3.15)
2.	Жамбыл облысында «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» тақырыбында өткен дөңгелек үстел	28.08.2019	Тараз қаласы, Мектеп олимпиадал рын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталық (Пушкин к-сі, 36 үй).	104	Жастар, педогог мамандар, заң өкілдері, БАҚ өкілдері.	Судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелері, БАҚ өкілдері	100%	(Қосымша 2.3.8) (Қосымша 2.3.9) (Қосымша 2.3.10) (Қосымша 2.3.11) (Қосымша 2.3.12) (Қосымша 2.3.13) (Қосымша 2.3.14) (Қосымша 2.3.15)



3.	Түркістан облысында «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» тақырыбында өткен дөңгелек үстел	05.09.2019 ж	Түркістан гуманитарлық техникалық колледжі	35	Жастар, педогог мамандар, заң өкілдері, БАҚ өкілдері	Судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелері, БАҚ өкілдері	100%	(Қосымша 2.3.16) (Қосымша 2.3.17) (Қосымша 2.3.18) (Қосымша 2.3.19) (Қосымша 2.3.20) (Қосымша 2.3.21) (Қосымша 2.3.22)
4.	БҚО-да өткен семинар-тренинг	30.10.2019 ж	Батыс Қазақстан облысы Жастар мен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы КММ (Оқушылар сарайы)	40	Бала, ата-ана және психолог	Отбасылық психологтар	100%	(Қосымша 3.3.1) (Қосымша 3.3.2) (Қосымша 3.3.3) (Қосымша 3.3.4) (Қосымша 3.3.5) (Қосымша 3.3.6) (Қосымша 3.3.7)

			"Bastau" коворкинг орталығынд ағы "Шабыт" залы					
5.	Атырау облысында өткен семинар- тренинг	31.10.2019 ж		40	Бала, ата-ана және психолог	Отбасылық психологтар	100%	(Қосымша 3.3.8) (Қосымша 3.3.9) (Қосымша 3.3.10) (Қосымша 3.3.11) (Қосымша 3.3.12) (Қосымша 3.3.13) (Қосымша 3.3.14)
6.	Маңғыстау облысында өткен семинар- тренинг	30.11.2019 ж	Ақтау қаласы 8 орта мектеп (8шағын аудан 19 үй)	40	Бала, ата-ана және психолог	Бала, ата-ана және психолог	100%	(Қосымша 3.3.15) (Қосымша 3.3.16) (Қосымша 3.3.17) (Қосымша 3.3.18) (Қосымша 3.3.19) (Қосымша 3.3.20)

								(Қосымша 3.3.21)
7.	Ақтөбе облысында өткен семинар-тренинг	26.10.2019	№55 ЖББОМ (Заречный 4 уч 315)	40	Бала, ата-ана және психолог	Бала, ата-ана және психолог	100%	(Қосымша 3.3.22) (Қосымша 3.3.23) (Қосымша 3.3.24) (Қосымша 3.3.25) (Қосымша 3.3.26) (Қосымша 3.3.27) (Қосымша 3.3.28)
8.	Қостанай облысында өткен отырыс	30.10.2019	Сарка Камыстинский район  Краснооктябрьская средняя школа	30	Жастар, педагог мамандар, заң өкілдері, БАҚ өкілдері	Судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелері	100%	(Қосымша 4.3.1) (Қосымша 4.3.2) (Қосымша 4.3.3) (Қосымша 4.3.4) (Қосымша 4.3.5)
9.	СҚО облысында өткен отырыс	30.09.2019 ж	Ғ.Мүсірепов атындағы Облыстық балалар-жасөспірімд	30	Жастар, педагог мамандар, заң өкілдері,	Судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам	100%	(Қосымша 4.3.6) (Қосымша 4.3.7) (Қосымша 4.3.8)

			ер кітапханасы		БАҚ өкілдері	қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелері		(Қосымша 4.3.9) (Қосымша 4.3.10)
10.	Ақмола облысында өткен отырыс	27.09.2019	Өнерпаз дарынды балалармен жұмыс жүргізу жөніндегі облыстық оқу-әдістемелік орталығы	30	Жастар, педогог мамандар, заң өкілдері, БАҚ өкілдері	Судья, психолог, адвокат, ауданаралық сот мамандары, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының белсенді мүшелері	100%	(Қосымша 4.3.11) (Қосымша 4.3.12) (Қосымша 4.3.13) (Қосымша 4.3.14) (Қосымша 4.3.15)

**Кестені толтырыңыз және жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігін сипаттаңыз**

<b>Жобаның мақсаты:</b>	Балалардың көзқарасын, құқығын, қызығушылығын, пікірін құрметтеуді қалыптастыру. Балалардың талантын ашу. Балалармен жұмыс жасауға көмектесетін әдістемелік құралдар дайындау
<b>Жобаның ұзақ мерзімді нәтижесі:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ата – ана мен балалардың семинар – тренингке бірге қатысуы арқылы отбасылық құндылықтардың артуы.</li> <li>- Құқық бұзған балалардың көзқарастарының ескерілуі мен шығармашылық қырларының дамуы.</li> </ul>

		<p>- Балалар мен жасөспірімдер, жастар ұйымдарының белсенді мүшелерінің құқықтық сауаттылық деңгейінің артуы, жаңа дағдылар мен білім алуы, қоғамдық және белсенді өмірге араласуы.</p> <p>- Мемлекеттік орган өкілдерінің өзара іс – әрекетті жұмыстарын нығайту жөнінде нақты ұсынымдар мен ұсыныстар алуы, ағымдағы жағдай мен мәселелерді талқылау үшін ортақ алаңда кездесуі.</p> <p>- Балалармен тікелей жұмыс істейтін мамандардың балалардың құқығын қорғау бойынша білім, дағды мен құзыреттілік деңгейінің артуы.</p>			
Міндет	Міндеттің аясындағы іс-шаралар	Зерттеу нәтижелері бойынша алынған өнімдер (іс-шараларға)	Қысқа мерзімді қол жеткізілген нәтижелер (міндеттерге)	Индикаторлар	
				жоспар	іс жүзінде
<b>1 міндет. Отбасылық құндылықтарды әйгілі ету бойынша «Менің тату отбасым» атты әуесқой бейнефильмдер мен фотосуреттер конкурсын ҚР – ның барлық әуесқой бейнефильмдер мен фотосуреттер конкурсын ҚР – ның барлық аймақтарында</b>	1.«Менің тату отбасым» атты әуесқой бейнефильмдер мен фотосуреттер конкурсын ҚР – ның барлық аймақтарында ұйымдастыру және өткізу 2. Ең үздік деп танылған әуесқой бейнефильмдерді	Ережелер Тарату жолдары Парақшалар саны Оқырмандар саны Жарияланым саны Хаттамалар	«Менің тату отбасым» республикалық байқауы ұйымдастырылды. Үздік 4 бейнероликтер ютуб каналға, инстаграмға салынды. Үздік 10 фотосуреттерден көрме ұйымдастырылды.	<b>Өнімдерге индикаторлар</b> Ережелер саны 1 Тарату жолдары 10 Парақшалар саны 1 Оқырмандар саны 100 Жарияланым саны 4 Хаттамалар саны 1 Төрешілер саны 3 Фотосуреттер 10 Жұмыстар саны 50 Рәсімді өткізу тәртібі 1 Баспасөз хабарламасы	<b>Өнімдерге индикаторлар</b> Ережелер саны 1 Тарату жолдары 12 Парақшалар саны 1 Оқырмандар саны 1034 Жарияланым саны 24 Хаттамалар саны 1 Төрешілер саны 7 Фотосуреттер 10 Жұмыстар саны 204 Рәсімді өткізу тәртібі 1 Баспасөз хабарламасы

<p><b>ұйымдастыру және өткізу.</b></p>	<p>ұйымның ютуб – каналына жүктеу. Ең үздік деп танылған фотосуреттерден Нұр – Сұлтан қаласында көрме ұйымдастыру</p>	<p>саны Төрешілер саны Фотосуреттер Жұмыстар саны Рәсімді өткізу тәртібі Баспасөз хабарламасы Салтанатты маратттау</p>		<p>1 Салтанатты маратттау 6 Бейнероликтер саны 3 Көрсетілімдердің жиынтық саны 100 Көрмедегі фотосуреттер 10 <b>Нәтижелерге индикаторлар</b> «Менің тату отбасым» республикалық байқауы ұйымдастыру. Үздік 3 бейнероликтер ютуб каналға, инстаграмға салу. Үздік 10 фотосуреттерден көрме ұйымдастыру.</p>	<p>1 Салтанатты маратттау 6 Бейнероликтер саны 4 Көрсетілімдердің жиынтық саны 100 Көрмедегі фотосуреттер 10 <b>Нәтижелерге индикаторлар</b> «Менің тату отбасым» республикалық байқауы ұйымдастырылды. Үздік 4 бейнероликтер ютуб каналға, инстаграмға салынды. Үздік 10 фотосуреттерден көрме ұйымдастырылды.</p>
<p><b>2 міндет. Кәмелетке толмаған</b></p>	<p>1. «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы</p>	<p>Әдістемелік құрал</p>	<p>«Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы</p>	<p><b>Өнімдерге индикаторлар</b> Іс-шара бағдарламасы 3</p>	<p><b>Өнімдерге индикаторлар</b> Іс-шара бағдарламасы 3</p>

